МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ» УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

07.02.2025ж № 10 н/қ

Ақтау қаласы город Актау

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағы 28 тармақшасына және 5 бабы 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша, сондай-ақ сапалы қызметтер, сапалы орындаулар алу қажеттілігін, аталған қызметтердің орындалу уақытының тығыздығын, жылдамдығын (қызметтер мерекелік шараның, фестивальдердің, конкурстардың жюрилерінің, ұйымдастырушылардың шешімдеріне, қортындыларына, жүру процесіне сәйкес өзгеретінін, кей шаралардың демалыс күндері, жұмыс уақытынан тыс мезгілдерде өтуіне байланысты 1 сағат көлемінде орындалуын) ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында 2025 жылға полиграфиялық өнімдерді әзірлеу, басу бойынша көрсетілетін қызметтерге төмендегі әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары қарастырылды:

- «ArtiSiguar» ЖШС әлеуетті өнім берушісінен;
- «Рублева Наталья Владимировна» ЖК әлеуетті өнім берушісінен;
- «Verje Print» ЖШС әлеуетті өнім берушісінен.

Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын, осы қызмет бойынша сапалы қызметтерін қарай отырып, «Рублева Наталья Владимировна» ЖК бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасалсын.

2. Әлеуетті өнім берушімен мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыруды уақытылы ұйымдастыру мемлекеттік сатып алуға жауапты маман А.Кабилановаға жүктелсін.

3. Бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын. (Н.Құдысов)

Негіздеме: қызметтік қажеттілік

Директор м.а. **Н. Кудусов**

000147

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, сондай-ақ мәдени іс-шараларды өткізу уақытында сапалы қызметтер, сапалы орындаулар алу қажеттілігін, аталған қызметтердің орындалу уақытының тығыздығын, жылдамдығын, жеделдігін қамтамасыз ету (қызметтер мерекелік шараның, фестивальдердің, конкурстардың жюрилерінің, ұйымдастырушылардың шешімдеріне, қортындыларына, жүру процесіне сәйкес өзгеретінін, кей шаралардың демалыс күндері, жұмыс уақытынан тыс мезгілдерде өтуіне байланысты 1 сағат көлемінде орындалуын) жүзеге асыруға кедергі болады, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **мемлекеттік сатып алу бойынша 2025 жылға полиграфиялық өнімдерді әзірлеу/басу бойынша көрсетілетін полиграфиялық қызметтерді** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Негіздеме: қызметтік қажеттілік

Директор м.а. **Н. Кудусов**